

СӨЖ

Лексикалық тақырып: «Қазақтың ұлттық тағамдары»



Қазақ өте қонақжай халық. Қонақтың алдына барлық тәтті тағамды қойған. Бұл дәстүр ұрпақтан – ұрпаққа жалғасуда. Қазақ халқы асты өте жоғары бағалаған, әрі қастерлей білген. «Ас – адамның арқауы», «Ас атасы – нан», «Жаман ауруға – жақсы ас» деп халық тегін айтпаған. Асқа байланысты салт-дәстүрлер: қонақасы, табақ тарту, сарқыт, асар, т.б. Ырым бойынша дастарқанға қойылған дәмнен ауыз тимей кетуге

болмайды. Қазақ дастарқанына ұннан, сүттен, еттен жасалған тағамдар қояды.

Қазақтың ұлттық тағамдарының ішінде еттің орны ерекше. Ет дәмділігімен және өзінің құрамындағы адам организміне пайдалы белоктық заттармен құнды. Үлкен тойларда, тағы басқа жиындарда мал сойылып, меймандарға табақ тартылады. Алуан турлі қуырдақ, қазақша ет, бұқпа, көмбе, сырбаз секілді тағамдар дастарқанымыздың қадірін арттыра түседі.

Ұлт тағамдарының негізі болып табылатын сүттің орны бөлек. Сүт тағамдарын халық бір сөзбен «ақ» деп атайды. Сүттен қымыз, шұбат, қатық, малта, май, ірімшік, құрт, сүзбе, қаймақ, айран сияқты тағамдар жасаған. Сүт тағамдарының қасиеті мол, әрі денсаулыққа пайдалы.

Ұннан жасалатын тағамдар: бауырсақ, шелпек, құймақ, күлше, табанан. «Дәнді шашпа, нанды баспа» деп халқымыз нанды аса құрметтеген. Бұл тағамдардың бәрін ысырап етпей пайдалана білген.

Мәтінмен жұмыс:

1. Мәтінді оқып, аударыңыз.
2. Мәтінге жай жоспар құрыңыз.
3. Мәтіндегі «Жаман ауруға – жақсы ас» деген мақалды қалай түсінесіз?
4. Мәтіннен күрделі зат есімді теріп жазып, жасалуын түсіндіріңіз.
5. Ас, тамақ туралы қандай мақал-мәтелдерді білесіз?